

**6D110200 - «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған Доскабулова Дария Толеуқызының  
«Батыс Қазақстан қалаларының балалары мен жасөспірімдерінің  
денсаулығы және оны сақтау мен нығайту бойынша іс-шаралар әзірлеу»  
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына**

**РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ**

р/ н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p><b>2) <u>Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</u></b></p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертация ғылымды дамытудың басым бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес орындалды: «Өмір және денсаулық туралы ғылым»; Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Қазақстан Республикасының 07.07.2020 ж. № 360-VI ҚРЗ Кодексі; «Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау" ұлттық жобасын бекіту туралы 12.10.2021 ж. № 725 Қаулысы». Яғни, ғылыми жұмыстың тақырыбы ғылымның даму бағыттары мен мемлекеттік бағдарламалар аясында орындалу талаптарына сәйкес.</p>

2.	Ғылымға маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <b>қосады</b> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <b>ашылған</b> /ашылмаған.</p>	<p>Таңдалған ғылыми жұмыс тақырыбы балалар мен жасөспірімдердің денсаулығы мәселесін қозғай отырып, жалпы әлемдік ауқымда және отандық деңгейде өзекті болып табылады. Бұл проблеманың мемлекеттің болашақ еңбек ресурстары мен демографиялық негізін айқындайтын ерекше маңызы бар. Балалар мен жасөспірімдердің денсаулығы, дамуы мен тәрбиесі мәселесі қазіргі қоғамда маңызды мемлекеттік міндет болып қала бермек, өйткені, жасөспірім кездегі қалыптасқан мінез-құлық жетілген өмірдің айнасы. Ұлттық салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері орталығы мен Қоғамдық денсаулық сақтау Ұлттық орталығы жүргізген зерттеулер балалар мен жасөспірімдерде артық дене салмағының болуын растайды. Балалардың өмір салты мен сапасының жетекші қауіп факторларын, балалар мен жасөспірімдердің денсаулығына экологиялық факторлардың әсерін анықтау Қоғамдық денсаулық сақтаудың негізгі принциптеріне сәйкес келеді. Ескереотін жайт, осыған дейін Батыс Қазақстан өңірінде аталған аспектіде кешенді зерттеулер жүргізілген жоқ. Сонымен қатар, қолайсыз экологиялық факторлардың, атап айтқанда, атмосфералық ауаның ластануының аурушаңдыққа, оның құрылымына және олардың балалар мен жасөспірімдер арасында таралуына әсерін зерттеумен байланысты мардымды ақпарат жоқ.</p> <p>Осы жұмыстың ғылымға қосқан үлесінің маңыздылығы оның өзектілігімен және практикалық маңыздылығымен, сондай-ақ ұсынылған инновациялармен анықталады. Диссертациялық жұмыста денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектеп жұмысының тиімділігі бағаланған; балалардың салауатты өмір салты, сонымен қатар тамақтану тәртібі туралы ақпараттандыру нәтижелерін жақсартудың дәлелдері</p>
----	---------------------	--	---

			келтірілген.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: <b><u>1) жоғары</u></b> 2) орташа 3) төмен 4) өзі жазбаған	Қарауға ұсынылған жұмыс жоғары деңгейде дербес орындалған ғылыми туынды. Автормен мектеп жасындағы балалардың денсаулығы мен мінез-құлқына қатысты арнайы сауалнама жүргізіліп; Батыс Қазақстанның төрт қаласында (Ақтау, Ақтөбе, Атырау, Орал) балалар мен жасөспірімдер арасында сырқаттанушылық зерттеліп; атмосфералық ауаның ластану индексі есептеу арқылы зерттелетін өңірлердегі атмосфералық ауаның экологиялық жай-күйі талдағанған. Балалар мен жасөспірімдер арасында денсаулық туралы сауаттылықты жақсарту бойынша мектеп деңгейіндегі моделі әзірленіп, сынақтан өткізілді; әдістемелік ұсыныстар әзірленді. Зерттеулермен қамтылған барлық қалалардың мектептеріне зерттеу нәтижелерін енгізу актілері жасалды және тиісті авторлық куәліктер алынды. Келтірілген жетістіктер ғылыми жұмыстың тәуелсіз жоғары орналу деңгейі мен автордың елеулі үлесін көрсетеді
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: <b><u>1) негізделген</u></b> 2) жартылай негізделген 3) негізделмеген.	Зерттеу тақырыбы бойынша рецензияланған әдебиеттердің едәуір көлемін зерттеу және жүйелеу, қазіргі уақытта, балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын аймақтық тұрғыдан зерттеудің, сонымен қатар балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын сақтау және нығайту жөніндегі іс-шараларды өңдеудің профилактикалық іс-әрекетті жетілдіруге, жалпы алғанда, жас ұрпақтың денсаулығын сақтауға ықпал ететінін тұжырымдайды. Осы тұрғыдан қарағанда, зерттеу жұмысының қоғамдық денсаулық сақтау саласы үшін өзектілігі арта түспек. Тақырып өзектілігін айқындайтын мәселелердің жеткілікті түрде ғылыми тұрғыдан талдануы жұмыстың негізделгендігін көрсетеді.
		4.2 Диссертация мазмұны	Диссертациялық жұмыстың тақырыбы оның мақсат,

		<p>диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b><u>айқындайды</u></b></li> <li>2) жартылай айқындайды</li> <li>3) айқындамайды</li> </ol>	<p>міндеттерімен, соған байланысты оның құрылымдалған мазмұнымен анықталады. Зерттеу міндеттерін орындау, нәтижелері мен тұжырымдарын, әзірленген ұсыныстарын ғылыми түсіндіру барысында, яғни балалар мен жасөспірімдердің өмір салтынан бастап, денсаулық пен әлауқаттың медициналық емес детерминанттарын, соның ішінде атмосфералық ауаға қатысты денсаулықтың сапасын зерттеу тақырыпты егжей-тегжейлі толығымен ашады.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b><u>сәйкес келеді</u></b></li> <li>2) жартылай сәйкес келеді</li> <li>3) сәйкес келмейді</li> </ol>	<p>Жұмыстың мақсаты мен оның міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді және толық ашылған. Зерттеу тақырыбы аясында алынған тұжырымдары мен тәжірибелік ұсыныстарының орындалған жұмыстың мақсат, міндеттерінен қорытылғанын атап өту керек.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b><u>толық байланысқан</u></b></li> <li>2) жартылай байланысқан</li> <li>3) байланыс жоқ</li> </ol>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері логикалық тұрғыдан өзара байланысты, ережелер негізделген және диссертацияның бөлімдеріне сәйкес келеді. Автор диссертацияның өзектілігін, мақсаттары мен міндеттерін айқындаған. Зерттеу әдістері мен оларды қолдана отырып алынған мәліметтер қойылған міндеттерге сәйкес келеді, алынған нәтижелердің сипаттамасы тиісті тарауларда баяндалған. Қорытынды мен алынған тұжырымдар зерттеудің мақсаты мен міндеттерінің орындалғандығын негіздейді. Ғылыми жұмыстың негізгі ұтымды шешімдерін жалпы білім беретін мектептерде практикалық қолдану ұсынылған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b><u>сыни талдау бар</u></b></li> </ol>	<p>Ізденушінің диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін қойған міндеттерінде, осы міндеттерді кезең-кезеңімен шешу әдістерінде логикалық өзара байланыс бар.</p> <p>Ғылыми жұмыс нәтижелері мен жаңалықтары ұқсас тақырыптық ғылыми зерттеулердің бұрыннан белгілі</p>

		<p>2) талдау жартылай жүргізілген</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>шешімдерімен салыстырылып бағаланған. Диссертацияда ұсынылған әдістер мен қағиәдаттар жеткілікті негізделген, маңызды ғылыми қорытындылары сыни талдау жасай отырып, сәйкес әдебиеттерге сілтемелермен толықтырылған.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p><b>1) толығымен жаңа</b></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеудің негізгі ғылыми нәтижелері мен автор қалыптастырған ережелері жаңа болып табылады, бұл аурушандыққа медициналық емес детерминанттар мен экологиялық факторлардың әсерін ескере отырып, Батыс Қазақстанның 4 қаласындағы (Ақтау, Ақтөбе, Атырау, Орал) 11,13,15 жастағы балалар мен жасөспірімдердің денсаулық жағдайын зерттеу нәтижелерімен расталады. Балалар мен жасөспірімдердің мінез-құлқының ерекшеліктерін, тамақтану режимі мен сипатын, оқытушылар, ата-аналар және оқушылар тарапынан респонденттердің тамақтану жағдайының мотивациялық сипаттамаларын бағалау балалар мен жасөспірімдердің денсаулығы туралы сауаттылықты жақсарту үшін мектептерде сыналған тәсілдің тиімділігін дәлелдейді.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p><b>1) толығымен жаңа</b></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Автормен зерттеу барысында алынған нәтижелерді толық тұжырымдайтын, зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне толық сәйкес келетін диссертациялық жұмыстың қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Жалпы диссертацияның мазмұнымен қорытылған тұжырымдар балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын сақтау және нығайту бойынша іс-шараларды жетілдіруге толығымен жаңа ғылыми үлес қосып отыр.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p><b>1) толығымен жаңа</b></p>	<p>Технологиялық және басқару шешімдері жаңа және толық негізделген. Алынған нәтижелер мектеп жасындағы балалардың денсаулығы мен өмір сапасына байланысты мінез-құлқының мониторингі жүйесін әзірлеу мен жетілдірудің маңызды элементі болуы мүмкін; балалар мен жасөспірімдердің</p>

		<p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>денсаулығын нығайту саласындағы мемлекеттік саясатты одан әрі дамытуға ықпал етеді, сондай-ақ денсаулық сақтауды дамытудың өңірлік бағдарламаларын іске асыруда қолданылуы мүмкін. Басқарушылық шешімдер әзірленген әдістемелік ұсынымдарда көрсетілген және мектептерде енгізілген.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген</b> /негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Зерттелетін мәселелерді талдау негізінде жүргізілген диссертациядағы қорытындылар дәлелді медицина постулаттарына және статистикалық өңдеудің дәлелді нәтижелеріне негізделген. Алынған нәтижелер статистикалық өңделіп, медициналық және социологиялық мәліметтердің қажетті көлемімен дұрыстығы арттырылған. Жұмыстың ғылыми тұрғыдағы дәлелдемелері, ауқымды зерттеулермен сенімділігін арттыру PhD докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарды толығымен қанағаттандырады.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p><b>1) дәлелденді</b></p> <p>2) шамамен дәлелденді</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия</p> <p><b>2) жоқ</b></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p><b>1) ия</b></p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар</p> <p>2) орташа</p>	<p>Автор зерттеуге қойылған төрт міндетке сәйкес келетін 4 ережені қорғауға ұсынған.</p> <p>Диссертацияның бірінші ережесі диссертациялық жұмыста және жарияланымдарда дәлелденген, тривиальды емес, сөзсіз практикалық маңызы бар; Батыс Қазақстан қалаларында тұратын балалар мен жасөспірімдерде тұрақты емес таңғы ас, көкөністер мен жемістерді жеткіліксіз тұтыну, салмақ пен өсу көрсеткіштерінің сәйкес келмеуіне әкелетін зиянды тағамға бейімділік түріндегі бірқатар жүйелі тамақтану бұзылыстарының барына қатысты қорытылған.</p> <p>Екінші ережесі диссертациялық жұмыста және жарияланымдарда дәлелденген, тривиальды емес; балалар мен жасөспірімдердің аурушаңдық құрылымын анықтау денсаулықты нығайту жөніндегі іс - шараларды әзірлеудің негізі екендігін тұжырымдаған.</p> <p>Үшінші ережесі диссертациялық жұмыста және</p>

		<p><b>3) <u>кең</u></b> 7.5 Мақалада дәлелденген бе? <b>1) <u>ия</u></b> 2) жоқ</p>	<p>жарияланымдарда дәлелденген, тривиальды емес, санитарлық-гигиеналық мониторинг жүргізу кезінде айтарлықтай қолданбалы бағытқа ие; зерттелген қалалар бойынша 10 жыл ішінде (2012-2021) атмосфералық ауа ластануының тұрақты өсу тенденциясын куәландырып, ауаның ластану индексі, негізінен, балалар мен жасөспірімдердегі тыныс алу, асқорыту жүйесінің ауруларымен байланысын көрсеткен.</p> <p>Төртінші ережесі диссертациялық жұмыста және жарияланымдарда дәлелденген, тривиальды емес, кең әлеуметтік маңызы бар; балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын нығайтуға ықпал ететін Мектеп Комитеті шеңберінде оқытушылар, ата-аналар мен оқушылар арасындағы тығыз өзара іс-қимыл, оқыту тренингтері, тамақтану мәселелері бойынша базалық және бақылау сауалнамаларын дайындау, оқушылардың дұрыс тамақтануының жоғары тиімді қағидаттарының қалыптастырып енгізілуін дәлелдейді.</p>
8.	<p>Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған <b>1) <u>ия</u></b> 2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: <b>1) <u>ия</u></b></p>	<p>Зерттеу методологиясын таңдау негізделген, зерттеу жұмысындағы қойылған міндеттерді шешуге сәйкес дұрыстығы жоғары нәтижелер алуға мүмкіндік беретін заманауи зерттеу әдістері таңдалған. Зерттеу хаттамасы жұмысты жоспарлау кезеңінде жергілікті этикалық комитеттің оң пікіріне ие.</p> <p>Нәтижелерді статистикалық түсіндіруге қатысты, қойылған міндеттерге сәйкес нәтижелерді өңдеу көлемін атап өткен жөн. Диссертация мәтінінде жұмыста қолданылатын статистикалық сынақтардың жиынтық кестесі келтірілген және олар таңдалған зерттеу дизайнына сәйкес келеді. Статистикалық деректерді өңдеу Statistica 10 және SPSS Modeler көмегімен жүргізілді. Сипаттаушы статистика әдістерінің көмегімен, сонымен қатар мәліметтерді өңдеудің сапалық әдістеріне жүгініп талданған зерттеу мәліметтері интерпретациялау әдістемелерін пайдалана</p>

		2) жоқ	отырып жан-жақты сипатталған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): <b>1) ия</b> 2) жоқ	Қорғауға шығарылған теориялық тұжырымдар мен негізгі ережелер, анықталған қатынастар мен заңдылықтар автордың жеке зерттеулерінің нәтижелерімен дәлелденген және расталған және логикалық тұрғыдан өзара байланысты.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінара расталған / расталмаған	Диссертацияны талдау кезінде барлық маңызды мәлімдемелер, әрбір қорғауға ұсынылған ереже зерттелетін мәселе бойынша заманауи зерттеулерге қатысты нақты және сенімді сілтемелермен расталғанын атап өткен жөн.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті</b> /жеткіліксіз	Жұмыста барлығы 140 әдебиет көзі пайдаланылды, олардың үштен бірінен астамы ағылшын тіліндегі әсерлі мақалалар және/немесе жаһандық мониторингтік ұйымдардың интернет-ресурстары болып табылады. Жұмыста келтірілген сілтемелердің саны мен сапасы зерттелетін мәселе бойынша әдеби шолу және диссертацияның маңызды ережелерін нығайту үшін жеткілікті.
9	Практикалық құндылық	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:	Теориялық маңызы балалар мен жасөспірімдердің денсаулығына әсер ететін тамақтануға байланысты, мінез-



	принципі	<p>1) <b><u>ия</u></b> 2) жоқ</p>	<p>құлық және экологиялық факторларды зерттеуге, сондай-ақ денсаулық мектептері шеңберіндегі профилактикалық іс-шаралардың тиімділігін бағалауға байланысты кешенді зерттеулер жүргізудің тиімділігін арттырудың негізделген жаңа тәсілі болып табылады.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <b><u>ия</u></b> 2) жоқ</p>	<p>Алынған нәтижелер мектеп жасындағы балалардың денсаулығы мен өмір сапасына байланысты мінез-құлқына мониторинг жүргізу тұжырымдамасын әзірлеу мен жетілдірудің маңызды элементі бола алады, балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын нығайту саласындағы мемлекеттік саясатты одан әрі дамытуға ықпал етеді және денсаулық сақтауды дамытудың өңірлік бағдарламаларын іске асыру кезінде пайдаланылуы мүмкін.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <b><u>толығымен жаңа</u></b> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады) 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеу жұмысының нәтижесінде қорытқан практикалық ұсыныстары жаңа болып табылады. Автор балалар мен жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын ұстану және дұрыс тамақтану тұрғысынан жалпы жағдайдың статистикалық тұрғыдан сенімді жақсарғанын анықтады. Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектеп құру бойынша әзірленген іс-шаралар оқушылардың тамақтану әдеттерінің өзгеруіне ықпал етті. Оқушылардың өздері мектеп ортасына белсенді қатыса бастады, онда Мектеп комитеттерінің жұмысымен ынтымақтаса отырып, тамақтануды ұйымдастыруды жақсарту мәселелері бойынша хабардар болу деңгейі артты. Осылайша, Мектеп ұйымдастыру тамақтану тәртібі мен салауатты өмір салтын қалыптастыру саласындағы білімді арттыруға ықпал ететінін көрсетті әрі сол себепті елімізде денсаулық сақтауды дамытудың өңірлік бағдарламалары шеңберінде енгізу үшін орынды.</p>
10	Жазу және	Академиялық жазу сапасы:	Жұмысты рецензиялау барысында принципіалді

.	ресімдеу сапасы	<p><b>1) жоғары</b>  2) орташа  3) орташадан төмен  4) төмен.</p>	<p>кемшіліктер болған жоқ. Жасалған ұсыныстар ескеріліп түзетілді және олар диссертациялық жұмыстың маңызын төмендетпейді.</p> <p>Диссертациялық жұмыс мемлекеттік тілде жазылған. Автор өз ойларын қысқаша, сонымен бірге жеткілікті сенімді ғылыми мәтін арқылы білдіреді және негіздейді, өз зерттеулерінің нәтижелерін келтіреді. Диссертациялық жұмыс логикалық пайымдаулардың болуымен, тұжырымдардың анықтығы мен дәлдігімен сипатталады. Академиялық жазудың сапасы жоғары</p> <p>Рецензияға ұсынылған диссертация Батыс Қазақстан қалаларының балалары мен жасөспірімдерінің денсаулығы және оны сақтау мен нығайту іс-шараларын әзірлеуді мақсат тұтқан ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады. Таңдалған тақырып бойынша өзекті міндеттер шешіліп, негіздемелер жасалып, тұжырымдалған әрі оларды шешу алгоритмі қамтылған.</p> <p>Жоғарыда айтылғандарға сүйене, Доскабулова Дария Төлеуқызының «Батыс Қазақстан қалаларының балалары мен жасөспірімдерінің денсаулығы және оны сақтау мен нығайту бойынша іс-шаралар әзірлеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ҚР ҒжЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Ғылыми дәрежелерді беру</p>
---	-----------------	---	--

			ережелерінің» талаптарына сай, ал авторы болса 6D110200 - «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы ғылыми дәрежесін тағайындауға лайықты деп санаймын.
--	--	--	---

Ресми рецензент: С.Ж.Асфендияров атындағы  
Қазақ Ұлттық медицина университетінің  
Қоғамдық денсаулық кафедрасының доценті, М.Ғ.К.



Айтманбетова А.А.